

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасы Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 587 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасы Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновке Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасы Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісім жасасуға өкілеттік берілсін. < * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.10. N 1121 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде (ЮНЕСКО) "Қазақстан Республикасы Алматы облысы, Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісім

Бірге Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет" деп аталатын) мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде (бұдан әрі - "ЮНЕСКО" деп аталатын),

Қазақстан Республикасы мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында өзара қарым-қатынастарды дамытуға және тереңдетуге мүдделілікті

Үкіметтің "Қазақстан Республикасы, Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасын іске асыруға ЮНЕСКО-дан көмек сұрағанын
на з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

ЮНЕСКО-ның жобаны жүзеге асыруға Үкіметке қайтарымсыз көмек көрсетуге мүмкіндік беруі ЮНЕСКО-мен Келісім негізінде Норвегия Үкіметі ЮНЕСКО үшін қаржыландыруды ашатындығын ескере отырып, Үкімет пен ЮНЕСКО төмендегілер туралы келісті:

Қазақстан Республикасы, Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеуге, сақтауға және ұстауға жәрдемдесу мақсатында кешенді ғылыми-мәдени зерттеулер ұйымдастыру, археология объектілерін консервациялау және мұражайландыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, кешенді тұрақты күту мен өңірде туристік қызметті дамыту үшін тарихи және этно-мәдени ортаны қалпына келтіру және дамыту жолымен осы жоба мынадай әрекеттерді жүзеге асыруды көздейді:

2) Тамғалы кешені аумағының тарихи-қала құрылысы жобаларын әзірлеу, құлап бүлінуге жақындаған петроглифтерді консервациялау, әулие орындардағы тас плиталар мен террасаларды нығайту, ежелгі қоныстарды, қорымдар мен басқа да археология объектілерін мұражайландыру, тарихи орта мен ландшафты қалпына келтіру және
д а м ы т у ;

4) ескерткіштерді консервациялау мен басқару және туризм саласындағы қазақстандық және халықаралық мамандар мен студенттердің ынтымақтастығын тереңдету, сондай-ақ қазақстандық мамандарды халықаралық стандарттарға үйрету;

6) Тамғалы кешенін қамқорлыққа алуға жергілікті халықты тарту.

2-бап. Үкіметтің міндеттемелері

Үкімет осы жоба шеңберінде жобаның сипаттамасына және жұмыстардың бағдарламаларына сәйкес барлық шараларды қабылдайды және қажет болған жағдайда жобаға тиісті көмекті қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

1) Тамғалы кешені бойынша жобаны жүзеге асыру мақсатында ЮНЕСКО-мен келісе отырып, ұлттық сарапшылар тобын тағайындайды;

2) жобаның ғылыми, экспериментальдық және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету жөніндегі қажет шаралар қабылдайды, қажетті институционалды қолдау көрсетеді, жобаны орындау кезеңінде ЮНЕСКО-ның үлесіне кірмеген көп ретті сырттан келу визаларын береді;

3) ЮНЕСКО-ның үлесі есебінен орны толтырылмайтын қажет іс-қимылды және инвестицияларды орындау мақсатында республикалық бюджеттен қаржыландыруды қоса алғанда, жобаны жүзеге асыруға қатысады;

4) жобаны жүзеге асыру кезеңінде Тамғалы кешенін заңды және табиғи қорғауды және ұстауды қоса алғанда, күзетуді, күзет аймағы шекараларын және жобамен бойынша белгіленген аумақтардағы ескерткішті ұстау режимін бекітуді қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Тамғалы кешенін күзету аумағы мен режимдік аймақтарындағы санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтау мәселелерін шешеді (осы заманғы құрылыстарды, қоқыс үйінділерін, темір-бетон тіреулерін, электр берілісі желілерін бұзу);

6) дала жұмыстарын жүргізу кезінде қолайлы жағдай жасайды және жобаны орындаушыларды техникалық және коммуникациялық құралдарымен жабдықтайды;

7) Тамғалы кешенін ұлттық және халықаралық туризм индустриясы жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді;

8) Тамғалы кешені аумағында жол-көлік және туристік-ғибадат инфрақұрылымының дамуын қамтамасыз етеді.

3-бап. ЮНЕСКО-ның міндеттемелері

1. Жобаны іске асыру мерзімі ішінде және 101 990 АҚШ долларына бағаланған бюджет шеңберінде ЮНЕСКО:

1) жобалық жұмыстардың орындалуы мен бақылануы үшін талап етілетін келісім шарттарды дайындайды;

2) жобаның орындалуын бақылайтын болады;

3) техникалық және әкімшілік қолдауды қамтамасыз етеді, жобаның орындалуын жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және Қазақстанның тиісті мекемелері мен мемлекеттік органдары, сондай-ақ сол объектідегі басқа да ұйымдары

орындайтын жұмысты үйлестіретін болады.

2. Жоғарыдағы осы баптың 1-тармағында сипатталған ЮНЕСКО-ның жәрдемдесуі Норвегия Үкіметі жобаны іске асыруға бөлетін қаражат құралының болуына және ЮНЕСКО-ның Бас Конференциясының шешімдеріне тәуелді және ЮНЕСКО-ның нұсқаулықтарына, ережелеріне және ресімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3. Осы келісімге сәйкес Үкімет пайдаланбаған немесе жобаның аяқталуы не тоқтатылуы бойынша жұмсалмаған ЮНЕСКО тарапынан осы Келісім шеңберінде берілген ЮНЕСКО-ның қаржы құралдары ЮНЕСКО-ның қандай да болса қосымша қаржыларымен қатар Норвегия Үкіметіне қайтарылуы тиіс.

4-бап. Жабдықтар, материалдар мен жеткізілімдер

1. Осы Келісімге сәйкес берілетін барлық жабдықтар, материалдар мен жеткізілімдер тек қана жобаны іске асыруға бағытталуы тиіс. Жеке құны 1000 (бір мың) АҚШ долларынан асатын жұмсалмаған жабдықтар ЮНЕСКО-ның меншігінде қалуға, жабдықтар тізімінде тіркелуге тиіс. Жоба аяқталғаннан кейін ЮНЕСКО осындай жабдықтарға ресми құқықтарды беру туралы шешім қабылдау үшін Норвегия Үкіметімен консультация жүргізеді. Барлық өзге де жабдықтарға, материалдар мен жеткізілімдерге құқық Тамғалы кешеніне жеткізу кезінде Үкіметке берілген болып с а н а л а д ы .

2. ЮНЕСКО материалдар мен жеткізілімдер нысанында көмек көрсеткен жағдайда, Үкімет ЮНЕСКО-ның сарапшыларымен бірлесіп, Қазақстанға енгізу пунктінен Тамғалы кешеніне дейінгі кедендік тексерісті, қабылдауды, тасымалдауды, өңдеуді, сақтауды жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қолданады, ұқыптылықпен қарайды, техникалық қызмет көрсетеді, қажет кезінде оны орнатады және монтаждайды.

5-бап. Басқа шарттар

1. ЮНЕСКО-ның көмегі Үкіметтің Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа агенттіктерінен, екі жақты бағдарламалардан немесе жеке меншік қорлардан қосымша көмек қабылдайтынын жоққа шығармайды.

2. Үкімет ЮНЕСКО-ға осы жобаны орындауға байланысты осындай көмектің ұсынылуы немесе түсуі туралы ақпаратты беріп отырады.

6-бап. Ақпарат және есептер

1. Үкімет ЮНЕСКО-ға жоба туралы ЮНЕСКО-ға керек болуы мүмкін ақпаратты б е р е д і .

2. Үкімет қаржылық есепті, есепті кезеңдегі орындалған жұмыстың егжей-тегжейін

және келесі есепті кезеңнің ішінде жоспарланған жұмыстарды қоса алғанда, қол жеткізілген нәтижелер туралы алдыңғы тармақ үшін шектеусіз болатын алты айлық е с е п т е р б е р і п о т ы р а д ы .

3. Жобаның орындалу сапасы мен дәрежесін растау және тексеру мақсатында Үкімет ЮНЕСКО-ға немесе оның уәкілетті өкіліне (өкілдеріне) жобалық объектіге және кез келген тиісті қаржылық есептер мен құжаттамаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай есептер мен құжаттаманы Үкімет ЮНЕСКО үшін ашық қалдырады және жоба аяқталған немесе тоқтатылған соң ең кемінде бес жыл сақталады.

7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер

1. Үкімет ЮНЕСКО-ға, оның меншігіне, қорлары мен мүлкіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденттерінен басқа, ЮНЕСКО атынан қызмет атқарушы лауазымды тұлғалар мен сарапшыларға БҰҰ-ның 1947 жылғы 21 қарашадағы мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенция мен оған IV Қосымшаның ережелерін қолданады, әсіресе, ЮНЕСКО-ның лауазымды тұлғаларының, сарапшылардың және ЮНЕСКО атынан осы жобаның шеңберінде қызмет атқаратын басқа да тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына, келу онда болу және одан кету құқықтарына, егер бұл Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне қатер тудырмаса, олардың азаматтығынан тәуелсіз, ешқандай шектеу қойылмайтындығы мойындалатын болады.

2. ЮНЕСКО-ның осы Келісім шеңберінде өзінің қызметін жүзеге асыру мақсатында қ а з а қ с т а н д ы қ Т а р а п :

1) ЮНЕСКО-ның активтеріне қатысты ғимараттарды (үй-жайларды) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген салықтардан;

2) осы жобаны іске асыруға қажетті тауарлар түріндегі ЮНЕСКО-ның активтерін Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамаларымен белгіленген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импорты (экспорты) кезінде алынатын кедендік баждар м е н с а л ы қ т а р д а н ;

3) ЮНЕСКО-ға берілетін автокөлік құралдары, ұйымдастыру техникасы, кеңселік жиһаз, зертханалық және арнайы жабдықтар (Қазақстандағы Тамғалы кешенінің петроглифтерін консервациялауға және жаңғыртуға арналған) мен олардың жинақтаушылары түріндегі тауарлардың импортына (экспортына) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тыйымдар мен шектеулерден босату ж ө н і н д е і с - қ и м ы л қ о л д а н а д ы .

3. Үкімет осы Келісімге сәйкес жүргізілетін іс-шараларға жәрдемдесу үшін қажетті шараларды қабылдайды және ЮНЕСКО-ға әрі оның қызметкерлеріне, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның атынан немесе оның тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуші басқа адамдарға жобаны жылдам және тиімді орындау үшін жағдайлар жасайды, атап

а й т қ а н д а :

- 1) қажетті бұрыштама, лицензиялар немесе рұқсаттар беруді жылдамдату;
- 2) жобалық нысанға қол жеткізуді және қажетті құқықтарды;
- 3) Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жобаның тиісінше орындалуы үшін қажетті шегінде ел ішінде, елге келу немесе елден кету шектерінде емін-еркін жүріп-тұру бостандығын;
- 4) осы Келісімге қатысты жабдықтарды, материалдар мен жеткізілімдерді әкелу және кейіннен әкетуге қажетті рұқсаттарды;
- 5) ЮНЕСКО-ның лауазымды тұлғаларынан немесе ЮНЕСКО атынан қызметтер атқаратын басқа тұлғалардың дербес пайдалануы мен тұтынуына арналып әкелуге қажетті мүліктерді және осы тектес мүліктерді кейін кері әкетуге қажетті рұқсаттарды қамтамасыз етеді.

4. Үкімет үшінші тұлғалардың ЮНЕСКО-ға оның мүлігі мен қызметкеріне немесе ЮНЕСКО-ның атынан қызмет атқаратын басқа да тұлғаларға қоюы мүмкін кез келген кінәраттарын қорғау үшін жауапкершілік алады және ЮНЕСКО, оның мүлігі, қызметкері мен басқа да тұлғалары үшін кез келген талаптар мен кінәраттар жағдайында, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСКО мұндай талаптар мен кінәратты оның қызметкері мен басқа да адамдарының ұқыпсыздығының немесе қасақана іс-әрекетінің нәтижесі деп танығаннан басқа жағдайларды қоспағанда, осы Келісім шеңберінде орындалатын жұмыстардың мүмкін салдарлары үшін зиянның болмауын қамтамасыз етуге тиіс.

8-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданыста болады және оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті ішкі мемлекеттік рәсімдердің қазақстандықтар тарапынан орындалуы туралы жазбаша хабарламаны ЮНЕСКО алған уақыттан бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісімге өзара келісушіліктер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол арнайы Хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Әр тарап, басқа Тараптың осы Келісімге өзгерістер енгізу үшін кез-келген ұсыныстарын тиісті назар аудара отырып қарайды.

3. Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тарапты жазбаша хабардар еткеннен кейін тоқтатылуы және 90 (тоқсан) күн өткен соң осындай хабарламаны алған күннен кейін өз күшін жоюы мүмкін.

4. Осы Келісімге сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелер осы Келісім күшін жойғаннан кейін ЮНЕСКО-ның қызметкерін, қаражаты мен мүліктерін кері шақырып алу талабы мен Тараптар арасындағы есеп-айырысуларды реттеу көлемінде орындалатын болады.

200__ жылғы "_____" _____ әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана түпнұсқада жасалды, барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін
Білім, ғылым және мәдениет
мәселелері жөніндегі*

"ЮНЕСКО" үшін